ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 1сәуір№ 4360-25-00-2/549іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сырдария ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Fast Com» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.шартты бұзу туралы
2.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
3.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Сырдария ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Талап қоюшы «Сырдария ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және жауапкер «Fast Com» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасалған 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 8 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты бұзылсын.

Жауапкер «Fast Com» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Fast Com» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 7 519 (жеті мың бес жүз он тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 4 158 (төрт мың бір жүз елу сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Көшірмесі дұрыс
Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Анықтама

Шешім заңды күшіне 19.05.2025 жылы енді.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 01.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.05.2025, судья Жусупов Т. К., 19.05.2025